

Дәріс № 3. Күш және күш саясаттары

Дәріс жоспары:

1. Күш және күш саясатындағы реализм теориясы
2. Реализм көзқарасындағы эволюция
3. Ганс Моргентау және классикалық реализм
4. Екі дүниежүзілік соғыс арасындағы халықаралық саясат

Дәріс мақсаты: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін «Күш» деген ұғымның мән мағынасын түсіне алады. Күштің негізгі құрамдас бөлшектерін, элементтерін сыныптандыра алады. Күштің тепе-теңдігін және оған қатысты саясатты түсіне алады. Реалист теорияның гипотезаларын тізбектеп түсіндіре алады. Реалист теорияның ішіндегі әртүрлі ұстанымдарды түсіндіре алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, анархия, рационализм, неореализм, басқыншы реализм, қорғанымпаз реализм секілді ұғымдардың танымын үйренеді. Реализмге жасалған сын-ескертпелерді оқып үйренеді.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мазмұны: 1. Күш және күш саясатындағы реализм теориясы.

Халықаралық саясат пәнінің негізгі мақсаты халықаралық оқиғалардың пайда болу себептерін зерттеу. **Теориялар** осы мақсатқа қызмет ету үшін және белгілі бір оқиғаны түсіндіруді мақсат еткен тұжырымдардың бүтіні болып табылады. Теориялар төңірегімізде болып жатқан түсініксіз оқиғаларды түсіндіру үшін қолданылатын жол картасы іспеттес. Алайда халықаралық саясат секілді өте кең ауқымды қамтитын әлеуметтік ғылымдарда, оқиғаларды тұтасымен түсіндіріп бере алатын жалғыз бір теория жоқ. Сондықтан халықаралық бір оқиғаны әртүрлі тұрғыдан түсіндіретін көптеген теориялар болуы мүмкін. Әрбір теория, халықаралық саясаттың болмысы жайлы әртүрлі тұжырымдар, әртүрлі себеп-салдар қатынасын және нәтижесінде сыртқы саясатқа қатысты өз ұсыныстарын айтады. Реализм халықаралық саясат теориясы ретінде пәнге ең көп ықпал еткен теориялардың біреуі және ерекше тоқталуды талап етеді.

Теориялар бір оқиғаны әртүрлі тұрғыдан түсіндіруге тырысқан тұжырымдардың тұтасы және заңдар секілді сөзсіз дұрыс екендігін нақты айта алмайды.

Реалист пікірдің дамуы.

Реализм (саяси реализм не шынайылық теориясы) халықаралық саясатты күш тұрғысынан түсіндіретін философиялық мектеп. Мемлекеттердің бір-бірімен қарым-қатынаста күшке сүйенуін реалполитик не күш саясаты ретінде айтады.

Реалистік ұстанымның тамыры тереңде жатыр. атақты грек философы Туцидидестің (б.д.б. 471-400) екі грек қала мемлекеті Атина мен Спарта арасындағы Пелопоннес соғысы (б.д.б. 431-404) туралы сараптамасы реализмнің алғашқы дереккөзі ретінде қабылдануда. Сондай-ақ реалист пікірлердің іздерін дәл сол кезеңде өмір сүрген Қытайлық стратег, генерал Сун

Цзының *Соғыс өнері* атты еңбегінде кездестіруге болады. Кейбір деректер бойынша б.д.б. 4 ғасырда Үнділік Каутиля жазған *Артбасбастра* атты еңбекте де күш саясаты туралы көптеген мәліметтер бар. 15 және 16 ғасырда италиян қала мемлекеттері арасындағы бақталастықты түсіндірген Принц еңбегінің авторы Н.Макиавелли (1469-1527) де реализмге ықпал еткен ең маңызды ойшылдардың біреуі. Макиавелли дәуірінде италиян қала мемлекеттері арасындағы бақталастық реализмнің негізгі ұғымдарына айналған күш, күш тепе-теңдігі, одақтар және ұлыс қауіпсіздігі ұғымдары ұрғысынан түсіндірілген. Макиавеллидің, күшке қол жеткізудің, оны ұстап тұрудың және кеңейтудің жолдарын бүге-шегесіне дейін түсіндірген Принц атты еңбегі бүгінгі күнде де реалист ойшылдардың негізгі дереккөзіне айналған. Адам баласының жаратылысы туралы пессемист ойда болған Макиавелли, күшті лидерлердің негізгі уайымдарының күш пен қауіпсіздік екенін айтқан.

Реалист ойға ықпал еткен тағы бір маңызды ойшыл ағылшын Томас Гоббс(1588- 1679). Ағылшын тілінде жалпы саясат теориясы саласында жарияланған алғашқы еңбек болған *Левифан* атты еңбегінде Гоббс, билеушілердің негізгі міндеттері халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету екендігін айтқан. Гоббстың пікірінше адам жаратылысы тұрғысынан жаман, қаніпезер болғандықтан үнемі соғыс, қақтығыс ішінде өмір сүреді дейді. Қақтығыстың алдын алу әрі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін күшті егемен, суверен болу керек. Гоббстың ойы бойынша бұндай суверен болмай адамдар үнемі үрей мен өлім ішінде өмір сүреді. Бұндай жағдайдан құтылу үшін адамдар бір жерге жиналып, анархияға, хаосқа тоқтау болу үшін егеменге, суверенге, (яғни Левифанға) барлық күшті, билікті тәслім ету керек. Левифан мемлекетті тәмсіл етеді. Олай болса, адамдар арасындағы соғысты тоқтату үшін күшті мемлекет болуы шарт. Алайда соғыстың бір күні аяқталатынын ойлау басқа бір ой-пікір болады. Өйткені, мемлекет егемендігінен, тәуелсіздігінен әсте бас тартпайды. Бұл да халықаралық сахнаның үнемі анархия, хаоста болатынына ишара етеді. Бұл жағынан Гоббс халықаралық саясатта реалист теорияның өкілі санатына жатады.

Реалистік теория 1930 жылдардың соңына таман І дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптаса бастаған ұжымдық қауіпсіздік жүйесі Италия мен Германияның империалистік саясатының күйреуімен бірге пайда болған. Е. Н. Carr(1892-1982)-дың 1939 жылы жазған *The Twenty Year Crisis, 1919-1939* (Жиырма жыл дағдарыс 1919-1939) атты еңбегінде әлемнің қайтадан тағы бір соғыстың қарсаңында екенін, әлемдегі жағдайды өзгерткісі келген күштер мен оны сақтап алғысы келген күштер арасындағы мүдде қақтығысы екенін айтқан және әлемдегі бейбітшілікті сақтап қалу баршаның мүддесіне жауап беретінін жақтаған Идеалист пікірді сынаған. Е. Н. Carr классикалық реализмнің алғашқылары болғанымен де негізгі ізтаңбаны қалдырушы саясаттанушы Ганс Моргентау болды.

Hans J. Morgenthau және классикалық реализм

І.дүниежүзілік соғыстан кейін құруға әрекет етілген ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің толықтай күйреуімен бірге халықаралық саясатты күшпен

байланыстырған еңбектер арта бастады. Халықаралық қатынастар пәнінің тарих, философия, не халықаралық құқық секілді салалардың бірі болуына Ганс Моргентау (1904-1980) ықпал етті. Оның 1948 жылы жазған Халықаралық саясат (Politics Among Nations) атты кітабы реалист ұстанымның негізгі дереккөзі болып табылады. Реалист ойдың ішінде әртүрлі ұстанымдардың пайда болуымен бірге Моргентаудың реалист ұстанымы классикалық реализм ретінде атала бастайды. Алайда реализм ішіндегі әртүрлі ұстанымдар классикалық реализмнің негізгі тұжырымдарының үлкен бір бөлігін қабылдауда.

Г.Моргентаудың ойынша, реализмнің алты негізгі принципі бар:

1. саясат, қоғам секілді, негізі адам болып табылатын объективті заңдар тарапынан басқарылады;
2. халықаралық саясатта мүдде күш ретінде танылады.
3. күш ретінде танылған мүдде жахандық түсінік, алайда мүдденің мағынасы мен мазмұны сыртқы саясатты қалыптастырған мәдени және саяси ортаға байланысты өзгеруі мүмкін.
4. ахлақи бұйрықтармен саяси іс-қимылдар арасында үнемі тартыс бар.
5. белгілі бір елдің ахлақи ұстанымдары мен жахандық ахлақи құралдар бір мағынаға келмейді.
6. реализмді мүдде күш тұрғысынан түсіндіру, халықаралық саясатты өзге пәндерден ерекшелендіріп, оны өз алдына дисциплина, пән етуде.

Реализм қырғи қабақ соғыс кезінде әсіресе АҚШ-тың сыртқы саясатына қатты әсер еткен. Реализмнің негізгі тұжырымдарын төмендегідей түрде қысқаша сипаттауға болады: Реализм бойынша халықаралық саясат күштердің күресі. Моргентау бойынша, мемлекеттердің көздеген мақсаты не болса болсын ең басты мақсаттары үнемі күшке қол жеткізу болып тұрады. Күшке үнемі қол жеткізу адам баласының жаратылысында болғандықтан, мемлекеттер де үнемі күш үшін күресіп жатады. Классикалық реализм, мемлекеттердің күштің соңына жүгіруін, адам баласының жаратылысының жаман, менменшіл болуымен байланыстырады.

Моргентау күшті, «бір актордың басқа бір актордың ойын, пікірін және іс-әрекетін бақылай алу қабілеті» деп түсіндіреді. Яғни басқалай айтқанда, «бір актордың басқа бір актордың істегісі келмеген нәрсені істете білу қабілеті». Анықтамадан байқалғандай, күш бір жағдай емес, ықпал үдерісі. Реализмде әрбір мемлекет ұлыстың мүддесін жүзеге асыру және оны қорғауға мәжбүр. Күш осы мақсат үшін қолданылатын ең маңызды құрал. Классикалық реалистер күшті мүдде тұрғысынан түсіндіруде.

Бір мемлекеттің күшін қалыптастыратын негізгі элементтерді екіге бөлуге болады. Күш қайнақтары, бір мемлекеттің ұзақ мерзімде күшін арттыру үшін қолдана алатын элементтерді қамтиды. Бұған ЖІӨ(ВВП), халық саны, географиялық жағдай, теорриторияның көлемі, табиғи пайдалы қазбалар жатады. Күш қабілетіне мемлекеттің қысқа мерзім ішінде қолдана алатын элементтер кіреді. Бұл топта орын алатындардың ішінде әскери күш маңызды рол атқарады. Реализмде әскери күш ең маңызды күш элементіне жатады. Бір

мемлекеттің әскери күші, құрылымы мен соғысқа дайындығы қысқа мерзімде өзге күш элементтеріне қарағанда әлдеқайда маңызды етуде. Сонымен қатар, әскери индустрия, соғыс кезінде әскери шикізатты дайындай алу қабілеті, мемлекеттегі шенеуніктердің сапасы да күшке қысқа мерзімде ықпал жасай алатын элементтердің бірі болып саналады.

Классикалық реализм, бірнеше элементтерден тұрғанымен әскери күш өзге элементтерге қарағанда басты назарда тұрады. Бұның себебі де классикалық реализмде қауіпсіздік ұғымына көбірек мән беруі. Күш элементтерін физикалық және физикалық емес деп бөлуге болады. Физикалық күшке, экономика, география, табиғи қазба байлықтар, әскери күш, халық секілді нақты нәрселер кіреді. Физикалық емес күшке, ұлттық ерекшеліктер, ұлттық құндылықтар, дипломатия және үкіметтің сапасы секілді нәрселер жатады.

Реализм осылардың ішінде әскери күшке ерекше мән береді. Өзгелері әскери күшке айнала алатындай қолдау көрсететіндіктен маңызды. Өйткені, әскери күш бір мемлекеттің өзге мемлекеттің ой-пікірін, іс-қимылын бақылауда қолдана алатын ең маңызды құрал болып табылады. Бұл тұрғыда әскери күшті **қатты күш** деп атайды. **Қатты күш**: мемлекеттердің соғыс секілді әскери жолдар арқылы өзгелеріне айтқанын істеті білу қабілеті. Бірақ мемлекеттер халықаралық аренада ықпал ету құралы ретінде әскери күшті қолдана бермейді. Оны өте сирек қолданады. Күшті мемлекеттер көбінесе, күш қолданбастан халықаралық тақырыпты анықтау, іс-қимыл құралдарын қалыптастыру, мемлекеттердің ұлттық мүдде ұғымдарын өзгерту қабілетіне ие. Бұны өзінің құндылықтарын және идеологияларын өзгелерге ұнаттыру арқылы жүзеге асырады. Бұндай жағдайда ол мемлекеттің жұмсақ күшке ие екенін айтуға болады. Яғни бір мемлекеттің жұмсақ күшке ие болуы деген сөз өз күшін басқалардың назарында заңды жағдайға келтіру деген мағынаны береді.

Жұмсақ күш: мемлекеттердің әскери тәсілдердің орнына, өзінің құндылықтарын, идеологияларын өзгелерге ұнаттыру арқылы қалағанын жасата алу қабілеті. Реализм бойынша жоғарыда аталған элементтердің абсолютті құндылықтары, яғни абсолютті күш жеке өзі ешқандай мағына бермейді. Абсолютті күш бір мемлекеттің күш элементтерінің сандық жиынтығы. Яғни, осы күш элементтеріне қарап, бір мемлекеттің күшті болып болмағанын айту мүмкін емес. бір мемлекеттің күші тек өзге мемлекеттердің күшімен салыстырғанда ғана анықталады. Бұған **салыстырмалы күш** дейміз. Салыстырмалы күш бір мемлекеттің күшін өзге мемлекеттің күшімен салыстыру. Осыған байланысты мемлекеттер, халықаралық жүйеде өз күштерінің деңгейін анықтар кезде үнемі өзге мемлекеттердің күшімен салыстыруға мәжбүр.

Мемлекеттердің өз күштерін ең аз дегенде өзгелерімен бір дәреже келтіру жүйеде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға жол ашады. Реалистердің күш тепе-теңдігі деген бұл жағдай мемлекеттердің ең үлкен қатер ретінде әлдеқайда күшті мемлекеттерді көруі және жалғыз бір мемлекеттің (бұған гегемон деуде) не болмаса мемлекеттер жиынтығының

әлемді жалғыз өздері билеп төстеуін алдын алудан туындап отыр. Күш тепе-теңдігі теориясы бойынша, әскери күш мемлекеттер арасында тек бір мемлекеттің не болмаса мемлекеттер бірлестігінің күшеюін алдын алатындай түрде таратылған кезде бейбітшілік пен тұрақтылық қамтамасыз етілуде. Мемлекеттер өзінің қорларын пайдаланып, өзгелерге қарсы күшін арттыруға әрекет жасайды не болмаса өзге мемлекеттермен ынтымақтасып күш тепе-теңдігін қамтамасыз етуге әрекет етеді.

Күш тепе-теңдігі: бір мемлекеттің өзінің мүмкіншіліктерімен не болмаса өзге мемлекеттермен ынтымақтасып, басқа бір мемлекеттің не болмаса мемлекеттер бірлестігінің күшін деңгейлеу және осылайша олардың жалғыз басына күшейіп кетуінің алдын алу саясаты.

Әскери одақтар осы мақсатпен жетілдірілген тәсілдердің біреуі. Бөліп ал да билей бер саясаты, территория бөлісулері мен қарулану күш тепе-теңдігін қамтамасыз етуде жиі қолданылған әдістер болып табылады.

Классик реалистер күш тепе-теңдігінің жалпы бір әлеуметтік түсінік екенін және әлеуметтік қарым-қатынастың кез-келген деңгейінде кездестіруге болатынын айтуда. Жеке тұлғалар, топтар мен мемлекеттер өздерін басқыншылардан қорғау үшін күштерін біріктіруге ұмтылады. Халықаралық жүйеде күш тепе-теңдігінің бейбітшілікті қамтамасыз етуде кейбір шарттары бар. Күш тепе-теңдігі, статус-квоны ұстап тұрған күштердің ревизионист мемлекеттерден әлдеқайда күшті әрі статус-квоны сақтап қалудағы нақты талпысы болған жайдайда ғана табысты бола алады. Жүйедегі күшті мемлекеттердің статус-квоны сақтап қалу үшін ортақ тіл тауып, бастарының қосылуы қажет. Егер күш тепе-теңдігі саясаты, жүйедегі ең күшті мемлекеттерді қамтамасыз онда бұл саясаттың бейбітшілікті әрі мүшелерін сақтап қалу мүмкін емес. Реалистер үшін жүйедегі күштің таралуы бейбітшілік пен тұрақтылық үшін маңызды. Егер жүйеде тек бір ғана мемлекет жалғыз өзі күшті болса, онда бұндай жүйе *тек полярлы жүйе* я болмаса *гегемониялық жүйе* деп аталады. Күш екі мемлекет арасында шамамен теңдей таратылған болса, онда *екі полярлы жүйенің* пайда болуына жол ашады. Егер жүйеде үш не одан да көп мемлекеттер бар болса, онда бұған *көп полярлы жүйе* деп ат береді. Реалистер жүйедегі өзгерістердің мемлекеттердің күш қабілетінің өзгеруіне қатысты жүзеге асатынын айтуда. Сонымен, жүйенің неше полярлы екендігін анықтайтын негізгі фактор мемлекеттер арасындағы күштің таралуы болып табылады.

Классикалық реалистер, 19 ғасырдағы Еуропа концерті кезеңін үлгі ретінде көрсетіп, бейбітшілік пен тұрақтылық үшін ең лайықты жүйенің көп полярлы жүйе екенін айтуда. Неореалистер болса, қырғи қабақ соғыс кезеңіндегі тұрақтылықты тілге тиек етіп, екі полярлы жүйенің әлдеқайда тұрақты екенін жақтауда.

Халықаралық жүйе анархиялық болып табылады. Классикалық реалистердің екінші негізгі тұжырымдары халықаралық жүйенің анархиялық деп есептеуі. Реалистердің пікірі бойынша, халықаралық жүйенің құралдары анархияны туғызуда. Алайда реалистердің пікірі бойынша, жүйенің анархиялық болуы үнемі хаос не құрал-қағидасыздық мағынасын бермейді.

Реалистер анархия ұғымын халықаралық жүйеде тәртіп, қағида қоятын және осы қағидаларды жүзеге асыратын жоғарғы бір авторитеттің жоқ екендігімен түсіндіруде.

Анархия әдетте хаос немесе тәртіпсіздік ретінде қабылданады. Алайда, реалистер бұл ұғымды/терминді халықаралық жүйеде мемлекеттердің үстінен бақылау жасай алатын жоғарғы бір биліктің жоқ екенін білдіру мақсатында қолданады.

Барлық елдердің ішкі саяси жүйелері иерархиялық тәртіпте орналасқан және мемлекет осы иерархияның ең басында тұр. Мемлекет күш қолданудың заңды құқығына ие орталық орган ретінде ережелер белгілейді және барлығынан осы ережелерді сақтауын талап етеді. Ал орындамағандарды жазалау құқығы мемлекетке тиесілі. Алайда халықаралық жүйеде мұндай орталық билік жоқ. Мұның басты себебі - мемлекеттердің егемендігі тең, яғни егемендік тұрғысынан барлығы бірдей тең дәрежеде. Мемлекеттер өздерінің ішінде де, басқалармен қарым-қатынаста да кез-келген жоғары органдарға есеп беруге міндетті емес. Бұл болса жүйенің анархиялық жағдайын туғызады.

Реалистер, мемлекеттер егемендік қағидасы тұрғысынан ғана тең деуде. Күш тұрғысынан мұндай теңдік жоқ. Реалистер жүйенің анархиялық сипаты мемлекеттерге қатты әсер етеді дейді. Біріншіден, мемлекеттер жүйеде өз беттерінше және басқа мемлекеттердің күштерін қолында бар мүмкіншіліктермен теңдестіруге мәжбүр. Реалистермұны *өзін-өзі қамтамасыз ету* жүйесі деп атайды. Екіншіден, жүйеде орталық биліктің болмауы мемлекеттердің бір-біріне деген сенімсіздікті туғызуда. Мұндай ортада мемлекеттер бір-бірінің ниетіне толық сенімді болмағандықтан және ережелерге бағынбағандарды жазалау үшін жоғары органның болмауы мемлекеттер арасында сенімсіздіктің пайда болуына себеп болуда. Бұл қауіпсіздіктің маңызды нәтижесі қауіпсіздік дилеммасының пайда болуы болып табылады.

Қауіпсіздік дилеммасы дегеніміз – бір мемлекеттің өз қауіпсіздігін арттыру мақсатындағы жасаған іс-шараларын, қимылдарын басқа бір мемлекеттің өзіне жасалатын шабуыл ретінде қабылдауы және осыған орай өзінің қауіпсіздік шараларын ала бастайды. Бұл да алғашқы мемлекеттің екінші мемлекеттің алдын алу шараларын шабуыл жасау мақсатымен деп есептеуіне себеп болады, осылайша мемлекеттер ешқандай себепсіз кенеттен қарулана бастайды. Нәтижесінде, халықаралық анархиядан туындаған сенімсіздік мемлекеттерді бір-біріне күдікпен қарауға мәжбүр етеді және осылайша қауіпсіздік дилеммасын туғызады. Басқаша айтқанда, мемлекеттердің өздерінің қауіпсіздігін арттыруға деген ұмтылысы, сайып келгенде, барлық мемлекеттердің қауіпсіздігі төмен жағдайда өмір сүруіне себеп болады.

Халықаралық жүйенің анархиялық болуының үшінші әсері де мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың қиындауы. Анархиялық жүйеде мемлекеттер өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өздерінің ұлттық мүдделерін іске асыруға тырысады. Реалистердің пікірінше, мемлекеттердің

басты мақсаты – күшке ие болу, өзге мемлекеттердің күшеюіне күш тепе-теңдік саясатын жүргізе отырып жол бермеу. Ынтымақтастық мүмкін болған жағдайда, мемлекеттер ынтымақтастыққа түсетін мемлекеттердің осы ынтымақтастықтан қандай пайда табатынын өздерінің қолдарындағы бар пайдамен салыстыруға мәжбүр етеді. Егер өзге мемлекеттің ынтымақтастықтан көретін пайдасы өзінің қолына түсетін кірістерден көп болса, онда ол мемлекетпен ынтымақтастыққа бармайды. Басқаша айтқанда, мемлекеттердің ынтымақтастық жағдайында қарастыратын ең маңыздысы - бұл абсолютті табыс (яғни өздерінің не пайда табады) емес, салыстырмалы түрдегі пайдасы (басқалары не пайда табады) болып отыр. Бұл да мемлекеттердің анархиялық жағдайда бір-біріне деген сенімсіздіктің нәтижесі. Мемлекеттер басқа мемлекеттердің салыстырмалы түрде күшке ие болғанын қаламайды, өйткені жүйеде өзінен басқа сенетін ешкім жоқ, сондықтан бұған себеп болуы мүмкін кез келген әрекеттен аулақ болуға тырысады. Бұл жағдайда бір мемлекеттің пайда табуы автоматты түрде екінші мемлекеттің зиянға, шығынға ұшырауы деген мағынаны білдіреді. Сондықтан реалистер халықаралық саясатты нөлдік ойын ретінде сипаттайды.

Халықаралық саясаттың маңызды акторлары мемлекеттер болып табылады. Реализмге сәйкес мемлекеттер халықаралық саясаттың маңызды акторлары болып табылады. Сондықтан Халықаралық саясаттың басты мәселесі мемлекеттер мен мемлекеттердің өзара әрекеттестігі болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, мемлекеттер егеменді бірліктер және олардың жүйеде негізгі мақсаты - өздерінің ұлттық мүдделерін іске асыру. Реалистер, ұйымдар немесе көпұлтты корпорацияларды тәуелсіз, автономды актор ретінде қарастырмайды, тек мемлекеттік күштің «ұзын қолы» немесе мемлекеттердің сыртқы саясатының құралы ретінде ғана қарастырады. Сондықтан жүйеде мемлекеттік емес акторлардың әсерлері маргиналды деп қабылданады.

Классикалық реалистер мемлекет атынан әрекет етіп шешім қабылдайтындарды рационалды акторлар деп пайымдайды. Рационалдылық «мемлекет қайраткерлерінің рационал болмыс ретінде ұлттық мүдделерге қол жеткізуде қолданылатын саяси таңдаулардың әлсіз мен күшті жақтарын сараптай білу қабілеті» деп анықталған. Рационалдылық негізінен үш пайымды біріктіреді. Біріншіден, рационалдылық мемлекет атынан әрекет ететін шешім қабылдаушылар жалғыз актор ретінде таңдау жасай алады әрі әрекет ете алады деп санайды. Бұл жалғыз актор жорамалы, сонымен қатар мемлекеттердің болмысын анықтау үшін де қолданылады. Рационализм ұғымы барлық рационалды шешім қабылдаушылардың бірдей шарттарда бірдей шешімдер қабылдайды деп болжайтындықтан, барлық мемлекеттер ұқсас жағдайларда бірдей әрекет етеді және мемлекеттерді өздерінің болмыстары болған актор ретінде қарастырады. Мәселен, «Америка Иракқа басып кірді» деген сөзде Америка мен Ирак шешім қабылдаушылардан тәуелсіз және өздерінің болмысы бар акторлар ретінде қарастырылады. Сондықтан реалистік көзқараста рационалдық пен жалғыз актор жорамалдары бірге қолданылады.

Екіншіден, рационалдылық жорамалы мемлекеттер мен басқа да халықаралық акторлардың өздерінің мүдделерін анықтай алатынын және осы мүдделерді басымдылық бойынша ретімен орналастыра алатынын топшылауда. Бір мемлекетте әртүрлі әрі мүдделері бір-бірімен қарама-қайшы көптеген тұлға немесе топтар бар. Бірақ қорытынды талдауда ұлттық мүдде, яғни мемлекеттің мүддесі маңызды. Реалистер үшін маңызды нәрсе - белгілі бір лидердің немесе саяси топтың емес, тұтас алғанда елдің мүддесі маңызды. Осылайша, халықаралық саясатты талдау барысында реалистер белгілі бір лидердің немесе топтың емес, мемлекеттің ұлттық мүддесін зерттейді.

Сонымен рационалдылық дегеніміз акторлардың пайда-шығын ара-жігін ажыратып талдау жасай алады дегенді білдіреді. Пайда-шығын талдауы кез-келген жағдайға іс- қимылға кіріспестен бұрын әр балама іс-әрекеттің пайдасы мен шығындарын есептейтінін және тиімділігі ең жоғары, шығыны ең төменгі әрекетті таңдай алу қабілетінің болғанын көрсетеді.

Жоғарыда қысқаша баяндалған рационалдылық пен жалғыз актор пайымдары жүйедегі барлық мемлекеттердің мүдделерінің немесе қалауларының бірдей екенін мойындауда. Классикалық реалистердің пікірінше, бұған себеп адам табиғаты. Адамдардың одан сайын күшке ие болу ұмтылысы жаратылысына байланысты болғандықтан, мемлекеттердің (және шешім қабылдаушылардың) жүйеде дәл солай әрекет етіп, әрқашан күшке ұмтылуы. Бұл мемлекеттерді жалғыз актор ретінде көруге мүмкіндік береді. Ганс Моргентау жетілдірген және жоғарыда қысқаша сипатталған классикалық реализм Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі көптеген мемлекеттердің, әсіресе Америка Құрама Штаттарының сыртқы саясатына қатты әсер етті. 1940 жылдары Америка СІМ-нің беделді тұлғаларының бірі, кейінірек Америка Құрама Штаттарының Кеңес Одағындағы елшісі болған Джордж Кеннан, 1960-1970 жж. АҚШ Сыртқы істер министрлігінде қызмет еткен Генри Киссинджер реалистік саясаттың ең үлкен жақтаушысы болды әрі АҚШ сыртқы саясатын реалистік принциптер төңірегінде қалыптастырды. Атап айтқанда, Джордж Кеннан қырғи қабақ соғыс кезіндегі реализмнің күш тепе-теңдігі ұғымын *қаумалау(тежсеу)* саясаты ретінде түсіндірді және оны Кеңес Одағының одан әрі кеңеюінің алдын алу құралы ретінде пайдалануды ұсынды. Классикалық реализм 60-шы жылдардан бастап көптеген сындарға ұшырады. Классикалық реализм пайымдауларын қабылдамайтын көптеген теоретиктер өз жұмыстарында классикалық реализмнің негізгі кемшіліктерін көрсетуге тырысты. Бұл зерттеулердің басында Кеннет Уолтц 1979 жылы жазған «Халықаралық саясат теориясы» кітабы.

Kenneth Waltz және Neorealizm

Уолтцтың айтуы бойынша, классикалық реализм ең алдымен мемлекетті негізге алуда, ал мемлекет халықаралық саясаттың басты акторы және талдау бірлігі болып табылады. Алайда, Уолтц кез-келген халықаралық саясат теориясы тек мемлекеттер ғана емес, халықаралық жүйені де назарға алуы тиіс дейді. Уолтцтың пікірінше, саяси құрылымдар үш компоненттен тұрады: реттеуші қағидат (анархиялық немесе иерархиялық), бірліктердің

ерекшеліктері (функционалдық жағынан ұқсас немесе әртүрлі) және қуаттарының шама-шарқы. Уолтц бұл компоненттерден екеуінің нақты, тұрақты екенін айтады. Біріншіден, жүйеде жоғарғы биліктің болмауы реттеуші принциптің орнына анархияны алып келеді. Екіншіден, жүйеге өздерінен басқа сенетін ешкім болмағандықтан барлық акторлар бірдей функционалды болады. Яғни, барлық мемлекеттер жүйеде бірдей әрекет етуге мәжбүр болады. Жүйенің құрылымын қалыптастыратын үш компоненттің ішінде өзгеріске ұшырап тұратын жалғыз компонент бұл қуаттың шама-шарқы болып табылады. Мемлекеттер анархиялық жағдайда функционалды жағынан бірдей, бірақ осы функцияларды орындау қабілетімен бір-бірінен ерекшеленеді. Жүйелік өзгеріс де мемлекеттердің қуаттарының өзгеруіне байланысты өзгереді. Қуаттылықтың бұл өзгерістері жүйені бір, екі немесе көп полюсті жүйеге айналдыра алады.

Неореалистер Классикалық реализмнің көптеген пайымдауларымен келіссе де, кейбір мәселелерде олармен келіспеуде. Классикалық реализм мен неореализм арасындағы үлкен айырмашылық - бұл мемлекет қалауының/іс-әрекеттерінің қайнар көзіне байланысты. Бұрын байқағанымыздай, классикалық реалистер халықаралық саясатты күштер күресі деп анықтады, ал мемлекеттердің сыртқы саясаты ұлттық мүддеге сәйкес анықталды. Классикалық реалистер бұл жағдайды адам табиғатымен байланыстырады және адам болмысы тумысынан залым және өзімшіл жаратылыс болғандықтан көбірек күшке ие болу ашкөздігі бар дейді. Классикалық реалистердің пікірінше, мемлекет қайраткерлері негізінен билікке деген ашкөздікпен әрекет етеді.

Неореалистер болса мемлекеттердің күшке ұмтылуының адам табиғатына қатысы жоқ деуде және олар мұны халықаралық құрылым тарапынан туындаған жағдайға байланысты деп айтады. Неореалисттердің пікірінше, халықаралық жүйеде белгілі бір тәртіпті, ережені енгізіп, өзгелерінің осы тәртіпті, ережені сақтауды талап ете алатын бейтарап жоғарғы бір биліктің болмауы сенімсіздік пен тек өзін-өзі қамтамасыз ету ережесі(қазақша айтқанда өз қотырын өзі қасу) ғана үстемдік еткен ортаны қалыптастыруда. Бұндай ортада барлық шешім қабылдаушылар өздерінің болмысынан не болмаса жеке қалауынан тәуелсіз түрде өзге мемлекеттермен бәсекелес болуға мәжбүр. Неореалистер осылайша күшке деген ашкөздікті адамдардың жаратылысына емес, жүйеде жоғары биліктің жоқтығынан деуде. Осылайша, жүйе өзін-өзі қамтамасыз ету жүйесіне айналады және бұл өз кезегінде мемлекеттерге қысым ретінде көрініс береді. Бұл жағдайда мемлекеттер басқалардың қысымына қарсы күш тепе-теңдігі саясатын ұстанады немесе агрессивті мемлекеттерді қолдайтын коалицияға қосылады. Уолтц әдетте күш тепе-теңдік саясатының өздігінен автоматты түрде пайда болатын айтуда, өйткені мемлекеттер үшін ең үлкен қауіп - бұл салыстырмалы түрде күшейген басқа мемлекеттер, сондықтан бұл күшті теңдестіру әрқашан басымдылыққа ие саясат болуы керек.

Неореалистер, мемлекеттердің күшке ие болу ұмтылысының басты себебі олардың қауіпсіздік қайғысынан туындап отыр деп санайды.

Классикалық реалистер күшке ұмтылуды адам табиғатымен байланыстырып, адам баласы өмір сүрген уақытқа дейін мемлекеттер әрдайым күшке ұмтылатынын айтуда. Яғни, классикалық реалистерде күш - бұл мақсат және оның шекарасы нақты белгілі емес. Нео-реалистер болса мемлекеттердің күшке ұмтылуының басты себебі ретінде қауіпсіздік факторын атап көрсетуде. Себебі анархиялы халықаралық жүйеде мемлекеттерді қорғауға кепілдік беретін механизм жоқ. Сондықтан мемлекеттер өздерінің қауіпсіздігі үшін өз күштері мен ресурстарына сенуге мәжбүр. Бұл мемлекеттерден басқалармен бәсекелес болуды және өздерінің салыстырмалы күш ұстанымдарын үнемі қадағалап отыруды талап етеді. Неореализмге сәйкес, күш мақсат емес, қауіпсіздік пен өмір сүру құралы.

Классикалық реалистер сияқты неореалистер де мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық ықтималдығы өте төмен дейді. Неоалистердің пікірінше, жүйенің анархиялық болмысының ең маңызды нәтижесі жүйеде сенімсіздік ортасының пайда болуы болып табылады. Сондықтан мемлекеттер ешқашан бір-бірінің ниетіне сенімді бола бермейді, рационалды және эгоисттік акторлар ретінде өздерінің мүдделерін арттыруға тырысады. Бұл ақыр соңында олардың бір-бірімен ынтымақтасуын қиындатады. Ойын теориясы - осы логиканы түсіндіруде қолданылатын маңызды құралдардың бірі.

Ойын теориясы - мәміле нәтижелерін болжау үшін қолданылатын математика теориясының бір саласы. Теория, екі немесе одан да көп ойыншының кез-келген жағдайда бір-бірінен бөлек әртүрлі варианттардың қайсысын таңдайтынын болжауға негізделген. Ойын теориясында көптеген түрлі ойындар бар, бірақ бұл халықаралық саясатты талдауда ең көп қолданылатын **Қылмыскерлер диалеммасы** ойыны. Ойын негізінен, екі тұтқынның бірге жасалған қылмысы үшін бөлек бөлек тергеуге алынатындығы туралы. Қылмыскерлерден жауап алу барысында араларында ешқандай байланыс болмайды, әрқайсысына егер өзінің жолдасына қарсы куәгер болып қылмысын айтқаны үшін аз жаза берілетіні ұсынылады. Ал егер екеуі де істеген қылмыстарын мойындамаса, онда аз жазамен құтылып кетеді. Қылмыскерлердің бұл жағдайға қатысты екі таңдауы бар: не олар қылмысын мойындамай, ауызбіршіліктерін сақтайды, немесе олар бір-біріне қарсы куәгер болып, арттарын ашады. Жауап алу кезінде қылмыскерлердің таңдауы келесідей болады:

- 1) бірінші қылмыскер үнсіз қалса, екінші қылмыскер мойындайды;
- 2) екеуі де өз кінәларын мойындамайды;
- 3) екеуі де өз кінәларын мойындайды;
- 4) екінші қылмыскер үнсіз қалса, біріншісі өз кінәсін мойындайды.

Қылмыскерлердің екеуінің де үнсіз қалуы яғни араларындағы ауызбіршілікті сақтап қалуы екеуі үшін ұтымды жағдай. Егер қылмыскерлер қылмыстарын мойындамаса, екеуі де аз жазамен құтылады. Қылмыскерлердің бірінші немесе төртінші таңдаулары, яғни біреуі үндемей тұрған кезде, екіншісі өз кінәсін мойындауы, үнсіз қалған қылмыскердің өз кінәсін мойындаған қылмыскерге қарағанда әлдеқайда ұзақ мерзімге сотталуына

себеп болады. Қылмыскерлердің екеуі де өз кінәларын мойындау арқылы өздерін кепілдікке алғысы келеді, алайда екеуі де әлдеқайда ұзақ мерзімге жазаға тартылады. Басқаша айтқанда, акторлардың рационалдығы және бір-біріне сенімсіздігі, ынтымақтастықтан екеуі де пайда табатынын біле тұра, оларды одан нашар таңдау жасауға мәжбүр етеді.

Көптеген ғалымдар «Қылмыскерлер диалеммасы» ойынын халықаралық жүйедегі мемлекет іс-әрекеттеріне қолданған және анархияның туғызған үрей мен сенімсіздіктің ынтымақтастыққа кедергі келтіретін маңызды фактор екенін көрсетуге тырысқан.

«Қылмыскерлер диалеммасы» ойыны әсіресе қарулану жарысының негізгі динамикасын анықтауда айтарлықтай пайда берді.

Жоғарыда келтірілген қорытындыдан көрініп отырғандай, неореалисттер мемлекет іс-әрекеттері мен таңдауларының қайнар көзін толығымен жүйелік деңгейегі факторларға жатқызады. Мемлекеттің халықаралық жүйедегі іс-әрекеттерінің артындағы негізгі күш ең алдымен жүйенің құрылымы болып табылады. Мемлекеттің қайраткерлері жақсы ма, жаман ба, елдің әлеуметтік, мәдени немесе саяси құрылымы, бір сөзбен айтқанда, ел ішінде қалыптасқан факторлар бұл процеске ешқандай әсері жоқ. Неореализмнің ішкі саясат пен халықаралық саясатты нақты сызықпен бір-бірінен ажыратуы, анализде жүйелік факторларға, әсіресе жүйенің құрылымына баса назар аударуы - бұл теорияны жүйелік немесе құрылымдық реализм деп атауға себеп болды.

Классикалық реализм мен неореализмнің жоғарыда қысқаша баяндалған көзқарастары халықаралық саясаттың қарама-қайшылыққа толы әрі бәсекелестік сипатқа ие екендігін білдіреді. Жүйеде тұрақты соғыс болмаса да, соғыс шығу қаупі әрқашан мүмкін. Бұл жағдай жүйеде жоғары биліктің болмауына байланысты. Осы тұрғыдан келе отырып, кейбір реалистік ойшылдар халықаралық жүйеде немесе кез-келген ішкі жүйеде экономикалық және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін мықты мемлекетке, яғни гегемонға (гегемон грек тіліндегі лидер дегенді білдіреді) қажеттілік бар деуде. Гегемон немесе гегемониялық мемлекет қуатты әскери, саяси және экономикалық күшке ие және осылайша халықаралық жүйенің ережелерін анықтап, оларды басқаларға орындата білген мемлекет. Гегемондық тұрақтылық теориясы деп аталатын бұл теорияға сәйкес, гегемонның халықаралық жүйеде немесе аймақта болуы әскери және экономика тұрғысынан жүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Теорияға сәйкес Жапония, Корея және Тайвань сияқты елдердің қарқынды дамуының артында Америка Құрама Штаттары тұр, ол сол аймақта гегемониялық мемлекет болып табылады және осы мемлекеттердің дамуына қажетті әскери және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары реалистік теорияда әртүрлі көзқарастар пайда бола бастады. Мұнда осы тәсілдерді атап өткен пайдалы болады.

Neoklasik Realizm

Неоклассикалық реализм неореализмнің жүйелік факторларға мемлекет іс-әрекеті тұрғысынан назар аударуын сынайды және мемлекеттердің

жүйедегі іс-әрекеті халықаралық жүйеден де, ішкі саясаттан да туындайтын факторларға байланысты дейді. Неоклассикалық реалистер классикалық реализмнің негізгі пайымдауларын пайдаланып, елдердің сыртқы саяси іс-әрекеттерінің сыртқы және ішкі факторларға тәуелді болып қалыптасатынын айтуда. Неоклассикалық реалистер мемлекеттің сыртқы саясатының мақсаты мен ауқымы ең алдымен осы мемлекеттің халықаралық жүйедегі орнымен, яғни мемлекеттің салыстырмалы түрде ие болған материалдық күш потенциалымен анықталатын мойындайды. Бұл кезеңде күш түсінігіне қатысты көңіл бөлулері оларды реалист етуде. Бірақ неоклассикалық реалистер, материалдық күш потенциалының сыртқы саясатқа әсерінің жанама әрі күрделі болып келетінін айта отырып, мемлекеттерге келетін жүйелік қысымды мемлекеттік деңгейдегі факторлармен түсіндіруге болады деп санайды. Бұл жағынан олар классикалық немесе неореализмнен ерекшеленіп тұр.

Неоклассикалық реалистердің пікірі бойынша салыстырмалы күш потенциалы бір елдің сыртқы саясатының параметрлерін құрайтын ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Алайда, осы материалды потенциалдар мен сыртқы саяси іс-әрекеттер арасында байланыс орнатылуы керек.

Шын мәнінде, сыртқы саяси шешімдерді саяси көшбасшылар қабылдайды және осы саяси лидерлердің салыстырмалы күш түсінігі шешім қабылдауда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, саяси көшбасшылардың ұлттық ресурстарды сыртқы саяси мақсаттар үшін пайдалануға толық еркіндігі жоқ. Демек, күш талдауларында мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынасты әрі ішкі саяси құрылымдарды да қарастыру қажет. Неоклассикалық реалистердің пікірінше, әртүрлі саяси құрылымдарға ие мемлекеттер, материалдық потенциалы шамамен бірдей болса да, әртүрлі сыртқы саяси ұстанымдар көрсете алады. Мемлекеттердің халықаралық жүйе түсініктері және жүйедегі өзгерістерге сай ілесіп отыру үшін ұстанған саясаттары, әдетте жүйелік қысымнан бұрын ішкі саяси факторларға тәуелді болып келеді.

Қорғану реализмі/қорғаныс реализмі

Қорғаныс реализмі - неореализмнен шыққан реалистік көзқарас, бірақ одан өзгеше. Қорғаныс реалистері неореализм сияқты мемлекеттердің жүйедегі ең үлкен алаңдаушылығы қауіпсіздік екенін айтады. Қорғаныс реалистердің пікірінше, халықаралық жүйе экспансионистік саясатты белгілі бір жағдайларда ғана қолдайды.

Анархия туғызған сенімсіздік атмосферасы мемлекеттерді одан сайын қауіпсіздік шараларын алуға итермелейді, ал бұл өз кезегінде өзге мемлекеттердің қауіпсіздігіне қатер төндіруде. Нәтижеде, лидерлер өз мемлекеттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экспансионистік саясатқа жүгінеді және басқаларды осы бағытта саясат жүргізуге мәжбүр етеді. Бұл жағдай мемлекеттер арасындағы қауіпсіздік диалеммасын туғызады және мемлекеттердің одан да сенімсіз орта қалыптастыруларына себеп болады. Қорғаныс реалистерінің пікірінше, мемлекеттер қауіпсіздік дилеммасы пайда

болуына жол бермеу және қауіпсіз орта құру үшін мемлекеттер неғұрлым жұмсақ саясат жүргізіп, экспансионистік саясаттарын шектеуі керек.

Қорғаныс реализміндегі ең маңызды тәсіл - Стивен Уолттың қауіп-қатер тепе- теңдік/теңестіру ұстанымы. Уолттың айтуынша, анархиялық жағдайда мемлекеттер өздерін қорғау мақсатында одақтар құрады. Бұны өздері көрген/түсінген қауіп-қатерге сәйкес жасайды. Басқаша айтқанда, мемлекеттер күшті емес, қауіпті теңестіреді. Экспансионистік және ревизионистік мемлекеттер өз аймақтарында басқа мемлекеттерге қауіп төндіретіндіктен, өздеріне қарсы күшті одақтың құрылуына итермелейді. Мысалы, екінші дүниежүзілік соғыста Фашистік Германияның экспансионистік және ревизионистік саясаты одақтас мемлекеттерді Германияға қарсы біріктіруге итермеледі. Теңгерім саясаты жүйеде кеңінен қолданыста болғандықтан, ревизионистік немесе агрессорлық саясатты жүргізу ақыр соңында сәтсіздікке ұшырайды. Сондықтан мемлекеттердің іс-әрекетін шектеу және жұмсақ саясат жүргізу ең жақсы стратегия болып табылады.

Қорғаныс реалистерінің пікірінше, мемлекеттердің өз күштерін үнемі арттырғысы келуі өте ақылды стратегия емес, өйткені егер мемлекеттер тым көп күшке ие болуға тырысса, онда жүйе оларды жазалайды деуде. Әсіресе гегемониялық күш болуға деген өршілдік - бұл ақылсыздық. Мемлекеттер тек тиісті күшке ие болуға тырысуы керек. Қорғаныс реалистерінің пікірінше, мемлекеттердің күш жағынан шектелуінің басты үш себебі бар. Біріншіден, егер мемлекет тым күшті болса, басқалары бұл күшті теңестіруге тырысады және гегемонияға ұмтылған мемлекетті әлдеқайда қауіпсіз етеді немесе оны жоюға тырысады. Екіншіден, қорғаныс реалистері шабуыл-қорғаныс тепе-теңдігі бар екенін айтады. Қорғаныс реалистерінің пікірінше, шабуыл-қорғаныс тепе-теңдігі әдетте қорғаныста болғанның пайдасына шешілуде. Сондықтан мемлекеттер басқыншылық саясаттың қаншалықты қажетсіз екенін түсінеді және басқыншылық саясат жүргізудің орнына, тепе-теңдікті сақтап қалуға тырысады. Қорытындылай келе, қорғаныс реалистері шабуыл жасалуы мүмкін болса да, шығындар әрқашан пайдадан әлдеқайда көп болады деп атап өтуде. Әсіресе ұлтшылдық, жаулап алынған елдерді ұзақ уақыт бақылауға алуға мүмкіндік бермейді. Нәтижесінде, қорғаныс реалистері басқыншылық пен жаулап алуды өте қиын деп санайды және егер (басқыншылық) бола қалған күннің өзінде де, пайда шығындардан әлдеқайда төмен. Тіпті көп күшке ие болу үшін экспансионистік саясатты ұстанатын мемлекеттер де біраз уақыттан кейін өздерінің өмірлеріне қауіп төндіруі мүмкін.

Басқыншы(Агрессивті) реализм

Басқыншы реализм болса қорғаныс реализмге қарама-қайшы ұстанымды жақтайды. Басқыншы реализмге сәйкес, мемлекеттердің мүмкіндігінше күшке ие болуы стратегиялық маңызы зор саясат болып табылады. Олар тіпті қажет уақытта және жағдайларда гегемонияға ұмтыла алады. Джон Меаршеймер сияқты басқыншы реалистер көбірек күшке ие болу

– аман қалудың ең жақсы тәсілі деп санайды. Басқыншы реалистердің пікірінше, анархиялық жағдайда мемлекеттердің бір-бірінің ниеттерінен 100% сенімді болуы мүмкін емес. Сондықтан барлық мемлекеттер өздерінің салыстырмалы күш позицияларын дамыту мүмкіндіктерін іздеуі керек және жалғыз мақсаттары өмір сүру болса да, көбірек күшке ие болуға ұмтылуы керек. Бұл жағдайда мемлекеттер экспансионистік саясатты ұстанады және өздерінің салыстырмалы күш позицияларын арттыратын саясатқа бейім болады деп күтуге болады.

Басқыншылықтан қауіптеніп отырған мемлекеттердің жауға қарсы тепе-теңдік саясатын ұстанатындығын Басқыншы реалистер мойындайды, сонымен қатар теңдестіру саясаты жеткіліксіз деп санайды. Бұл сәйкессіздік, әсіресе тепе-теңдік үшін коалициялар құру кезеңінде айқын көрінеді, ал гегемонияға ұмтылған мемлекет бұл жағдайды орынды қолдана алады. Қорытындылай келе, Басқыншы реалистер, қауіп төнген мемлекеттер, тез күшейіп келе жатқан мемлекеттің күшін теңестіруге тырысқан одақтарға кірудің орнына, жауапкершілікті басқаларға жүктеуге бейім болып келетінін атап өтуде. Басқаша айтқанда, теңдестіру саясатының ауыртпалығын басқаларға жүктеу мемлекеттердің ең көп жүгінетін саясат. Бұл басқыншылыққа қарсы саясатты әлдеқайда жеңілдетуге мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, Басқыншы реалистер шабуыл-қорғаныс тепе-теңдігі қорғаныс пайдасына деген пікірді қабылдамайды. Олардың айтуынша, біріншіденгейлік тапсырмалар шабуылдаушы әдетте жеңіске жетеді

Деңгейлік тапсырмалар:

1 –деңгейлік сұрақ. Ганс Моргентау және соғыстан кейінгі саяси реализмнің мектебі.

1 –деңгейлік сұрақ. Неореализм, неоклассикалық реализм, басқыншы реализм айырмашылықтарын түсіндіріңіз.

1 –деңгейлік сұрақ. Халықаралық саясаттың ең маңызды акторы кім?

2–деңгейлік сұрақ. Күш балансы заңын сипаттаңыз.

2–деңгейлік сұрақ. Реалист теорияның ішіндегі әртүрлі ұстанымдарды анықтаңыз, әрі осы ұстанымдарарасындағы негізгі айырмашылықтарды түсіндіріңіз.

3–деңгейлік сұрақ Г. Моргентау бойынша саяси реализмнің негізгі принциптері қандай?

3–деңгейлік сұрақ. Күш дегеніміз не? Күштің элементтерін сыныптандырыңыз.

ОБӨЖ тапсырмалары: Жан Боден саяси реализм идеясының дамуы туралы.

БӨЖ тапсырмалары: Неореализм, постмодернизм-анықтама беру.

Ганс Моргентау және соғыстан кейінгі саяси реализмнің мектебі.

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
- 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan, 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және бірге әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireçci M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (XI ғасырдың соңы XX ғасырдың басы), 2014,
- 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougél, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınları